

9 тамыз,
Сейсенбі,
2022 жыл.

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады.

Ойыл

КӨПТІҢ КӨКЕЙІНДЕГІ САУАЛ – КҮРЕ ЖОЛДЫҢ САПАСЫ



Өткен сәрсенбіде аудан әкімі Асқар Қазыбаевтың ауыл тұрғындарымен кездесулері Саралжын ауылдық округінің Қоңырат және Қайыңды ауылдық округі орталығы мен Көсембай елді мекендерінде жалғасты. Қайыңды ауылдық округі ауданнан шалғай орналасқан. Қазіргі таңда көтерме жолына орташа жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Қуаңшылық жылдары да мал азығы

бітік шығатын округтің аудан үшін орны ерекше. Биыл да мал азығы мол шыққан. Ауыл тұрғындары аулаларына қысқы мал азығын түсіруді өлде-қашан бастап кеткенін әбден аңғаруға болады. Аудан әкімінің тұрғындармен кездесу жиынында орташа деңгейде қатқылдандырылып жатқан жолдың сапасын қозғады. Сонымен қатар ауыл тұрғыны Дархан Өтегенов ауылға балалар

ойын алаңын салып беруді сұраса, аудан әкімі оған қаражат бөлінгенін, қазіргі таңда округ әкімі Ырғызбай Қосдаулетов балалар алаңын салу жұмыстарын баяулатып отырғанын тілге тиек етті. Айта кетсек, қайыңдылықтар бірнеше жылдан бері жердел жәрдем көлігін сұрап келеді. Алайда, бұл мәселе өлі күнге дейін шешімін таппаған. Ал, Көсембайда аудан әкіміне тұрғындар жеке сауалдары

бойынша мәселе көтерді. Сондай-ақ, мұнда да тұрғындар жасалынып жатқан жолдың сапасына алаңдайды. Жолдың сапасыз, олқы жасалынып жатқандығына көз жұма қарай алмайтындарын жеткізді. Бұл мәселе бойынша Ойыл аудандық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары мекемесінің басшысы Нұржау Тұрғамбеков қазіргі таңда жолдың жөндеу жұмыстарын апта сайын қарап, бақылап отырғанын айта келе, жолдың сапасы мен оның жоба бойынша жасалуына ұлттық сараптама орталығы бақылау жүргізіп отырғандығын ашып айтты.

Қоңырат елді мекені Саралжын ауылдық округіне қарайтын шағын ауыл. Саусақпен санарлықтай түтіні бар ауылға аудан әкімі іссапары барысында арнайы ат басын бұрды. Ауылдық тұрғындарымен жүздесіп, ұсыныс-тілектерін тыңдады. Жалпы ауданда атқарылып жатқан жұмыстар бойынша хабардар етті. Қоңырат елді мекенінің тұрғындары малға жайылымдық жер тапшы екендігін жеткізді. Расында ауыл тұрғындарының сөзінің жаны бар. Себебі шаруа қожалықтар ауылдың іргесіне тиіп тұр. Сондықтан жеке тұрғындардың малдарын жаятын жайылымдық жер жоқтың қасы. Бұл мәселені шешу үшін аудан әкімі аудандық жер бөлімінің басшысы Мәулен Төремураев пен округ әкімі Марат Төжіғалиевке бірқатар тапсырма берді.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл-Қайыңды-Көсембай-
Қоңырат-Ойыл.



ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС ЖЫЛ САЙЫН ЖЕТІЛДІРІЛІП ЖАТЫР

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ — ӨЗІРШЕ ӘЛЕМНІҢ БІРДЕ БІР ЕЛІ ЖЕҢІП ШЫҒА АЛМАҒАН ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕ. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ШЕК ҚОЮҒА, ӘЛЕУМЕТТІК ҚАТЫНАСТАРДЫ ҚОҒАМҒА ЗИЯН КЕЛТІРІП МҮМКІНДІКТЕРІН АСЫРА ПАЙДАЛА-
НУДАН МҮМКІНДІК ШЕГІНДЕ ЖАҒДАЙ ЖАСАУҒА БОЛАДЫ.
ӘЛЕМНІҢ БАРЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТЕРІ ОСЫ ДЕРТПЕН КҮРЕСІП ЖАТЫР. СОҒАН ҚАРАМАСТАН СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ БІР МЕМЛЕКЕТТІҢ ҒАНА ЕМЕС, ҒАЛАМДЫҚ ПРОБЛЕМАҒА АЙНАЛЫП БАРА ЖАТЫР.



Қазіргі заманғы Қазақстан қоғамында адам және азамат құқықтары саласында халықтың құқықтық мәдениетінің төмен деңгейі, мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер, ұйымдар, барлық жеке меншік нысанындағы кәсіпорындардың басшылық құрамын құруда кадрлар іріктеудің жетілмегендігі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес тәрбиесі және оқу орындарында, ең алдымен жоғарғы

оқу орындарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы түсінік қалыптастыру жүйесінің болмауы, мемлекеттік органдардың шенеуніктерінің, мемлекеттік ұйымдардың, мекеме және кәсіпорындардың басшыларының арасында ашық түрде мүлкі, табысы және оның көзі туралы жариялаудың болмауы, кейбір шалшаң өсетін басшылардың азаматтығы және патриотизмінің төмен деңгейі, мемлекеттік қызметшілердің жала-

қысының және мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік қорғалуының ынталандыру шараларының төмендігі, мемлекеттік қызметшілердің біліктілігі мен кәсібилік-деңгейінің төмендігі сыбайлас жемқорлықтың қанат жаюына сеп болып отыр. Сыбайлас жемқорлық жалпы қылмыспен қатар Қазақстанда мемлекеттік билік және қоғам үшін қауіпті. Қазақстан совет үкіметінен кейінгі кеңестікте бірінші болып 1998 жылдың шілде айында сыбайлас жемқорлықпен күрес заңын қабылдады және халықаралық конвенсияларға қосылды.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес бойынша арнайы органдар құрылған. 1997 жылы Қазақстанда ҚР Жоғарғы төртіптік кеңесі құрылды, кейін ол Сыбайлас жемқорлықпен күрес бойынша ҚР Мемлекеттік комиссиясы болып қайта құрылды. 2002 жылы ҚР Президентінің жанында сыбайлас жемқорлықпен күрес және мемлекеттік қызметшілердің қызмет эткасын сақтау мәселелері бойынша Комиссия құрылды. Экономикалық салада сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет жасау үшін Қазақстан

Республикасының экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмыстарымен күрес жөніндегі Агенттігі құрылған. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес аясында азаматтық қоғам институттарының — саяси партиялардың, өртүрлі үкіметтік емес ұйымдар және бұқаралық ақпарат құралдарының қатысуы кеңеюде. Жалпы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, ақпараттық-талдау қызметі негізінде кешенді жұмысты талап етеді, соның ішінде жаңа қылмыстық-құқықтық нормалардың ұтымдылығын бағалау бойынша.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес стратегиясын іске асыру маңызды құралының бірі Президент жанында қызмет ететін сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері жөніндегі Комиссияға жүктелген. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет етуге өңірлік-деңгейде мемлекеттік қызмет істері жөніндегі Агенттігі жанындағы облыстық Төртіптік кеңестері міндеттелген. Жыл сайын сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша іс-шаралар жоспары әзірленіп бекітіледі.

«Ойыл аудандық жер қатынастары бөлімі» ММ

ШАҒЫН АУЫЛДАРДАҒЫ КЕЗДЕСУДЕ ШАҒЫМЫ АЗ, ҰСЫНЫСЫ КӨП БОЛДЫ...

ӨТКЕН АПТАДА АУДАН ӘКІМІ АСҚАР ҚАЗЫБАЕВ КӨПТОҒАЙ АУЫЛ-
ДЫҚ ОКРУГІНЕ ҚАРАСТЫ АМАНГЕЛДІ, ҚАРАСУ ЕЛДІ МЕКЕНДЕРІНДЕ БО-
ЛЫП, ТҰРҒЫНДАРМЕН КЕЗДЕСУ ЖИЫНЫН ӨТКІЗДІ.



Онда аудан басшысы 2022 жылғың 1 жартыжылдығындағы ауданның әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері бойынша жан-жақты мәлімет берді. Биыл Көптоғай дәрігерлік амбулаториясының құрылысы үшін 150 миллион теңге, хоккей кордын жасақтау үшін 2 миллион теңге, өкімшілік ғимараты үшін аудандық бюджеттен 11,3 миллион теңге орталықтандырылған ауыз су құбырын тарту үшін Қарасу ауылына 312,9 миллион теңге Шұбарши ауылына 266,4 миллион теңге ауыл көшелерін жарықтандыруға 500 мың теңге қаржы бөлініп отыр. Амангелдіде ауыл тұрғыны Қуат Әбдіғалиев пен Ермек Қалниязов көктемде ауыл ішіне кіретін судың бағытын өзгерту, Сегізсай бағытындағы ауданға тіке қатынайтын жолды қырып, тегістеу жұмыстары тезірек қолға алынса

деген ұсыныстарын білдірді. Қарасуда ауыл тұрғыны Айжарық Нұрғалиев ауыл шаруашылық техникаларын жеңілдікпен алу жөнінде сауалдарын қойса, Базарбай Асылбаев ауылдың болашағы үшін бөлініп жатқан қаржылар мен игі істер үшін алғысын білдірді. Көтерілген мәселелерге қатысты ауыл әкімі Ерлан Асылбаев және аудан әкімі Асқар Қазыбаев, ауыл шаруашылық және кәсіпкерлік бөлімінің басшысы Абат Мұбаракوف толыққанды жауап берсе, аудандық халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Аралбай Жолдыбаев бірыңғай жинақтық төлем туралы халыққа түсінік берді. Есептік кездесудің соңы аудан әкімінің жеке қабылдауымен аяқталды.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

БІТІМГЕРШІЛІК- ТАТУЛЫҚ КЕПІЛІ



Жалпы, қазақ елінде татуластыру рәсімі - ойдан алынған жоқ. Даула-сушы тараптарды татуластыру, бітімге келтіру - қазақ елінде бұрыннан келе жатқан дәстүр. Атам қазақ дау-дамай, жанжалдарды билердің көмегімен шешіп отырғаны ежелден белгілі. Қазақ халқы үшін бітімгершілік – билік айтудың ең озық өнегесі. Ұлы қазақ даласының билігінің белгілі дара тұлғалары – Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билер бастаған дана билердің ел арасындағы кез келген дауды бітімгершілік жолымен шешіп, халқымыздың бірлігін, ауыз біршілігін, тұтастығын сақтауға үлкен назар аударғаны баршамызға белгілі. Халқымыздың дарабоз билерінің дәстүрлі билік жүргізу тәсілінің заңды жалғасы екендігін түсінгеніміз абзал.

Өткен тарихымызда жеке адамдар арасындағы, бір қауым ел ішіндегі жер дауы мен жесір дауы сияқты келелі тартыстарды билер алқасы шешіп отырса, ендеше бүгінгі заманда да қоғамның демократиялық жаңаруы қағидатына дәлме-дәл келетін осы араағайындық делдалдықтың, яғни медиацияның түп - тамыры өзіміздің дана бабаларымыздың саясатынан бастау алады екен.

Ежелгі тарихымызды жаңғырта отырып, 2011 жылы Қазақстанда «Медиация туралы» заң қабылданды. Қазақ халқының билері барлық дау-жанжалды шешкенде қара қылды қақ жарғандай өділ билік айтқан, екі жақ та шешімге бой ұсынған. Токсан ауыз сөздің тобықтай түйінін тауып татуластырған дана билеріміздің бітімгершілік саясаты егемен елімізге жаңа серпінмен бой алуы құптар-

лық жайт. Қазіргі таңда осы заң аясында қаншама жұмыстар атқарылуда және оң нәтиже беруде. Сотқа талап қоюымекеліп түскен азаматтық істер бойынша судья-медиатордың, кәсіби және қоғамдық медиаторлардың ықпалы өте зор.

Судья-медиатор, дауласушы тараптарды бітімге шақырып, олардың арасындағы мәселені сот процестеріне дейін жеткізбей татуластырып отырған жайлары бар. Сондай-ақ халық арасынан сайланған ауыз дуалы, сөзге шешен кәсіби, қоғамдық медиаторлардың да дауласушы тараптарды татуластыруға қосып жатқан үлестері қаншама. Алайда, барлық даулы мәселелер бітімгершілікпен аяқталады деген сөз емес. Дегенмен, заңның аясында қаншама даулардың бір бөлшегі болса да бітімгершілікпен аяқталып жатқаны көңілді көншітеді.

Татуластыру шараларын қолданудың тиімділігі даудың созылаңға салмай уақыт пен қаражат жоғалтпай сот шығындарына ұшырамауға мол мүмкіндік береді. Осы себепті, халықтың сана-сезімін кеңірімді болуға бұрып, орын алып отырғандаудың деңгейін төмендетіп, келіспеушіліктерді татуласу арқылы шешуге бағытталған барлық шараны іске асыру, жалпы азаматтық міндет деп түсінуіміз қажет.

Татулықтың туын биік ұстаған текті халық екендігімізді ұмытпай, әрдайым сыйластықтың шегінен аттамайық.

А.ТӨРЕМҰРАТОВА,
Ойыл аудандық сотының судьясы.

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҮКІМЕТ КОМПОНЕНТТЕРІНІҢ ЖҰМЫСЫ, EGOV.KZ ПОРТАЛЫ, EGOVMOBILE МОБИЛЬДІК ҚОСЫМШАСЫ ЖӘНЕ ХҚКО ЖҰМЫСЫ ТОЛЫҚ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРІЛДІ



«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ электрондық үкімет компоненттерінің, соның ішінде eGov.kz порталының, Ашық үкімет порталының, eGov mobile мобильдік қосымшасының және негізгі мемлекеттік дерекқорлардың (ЖТ МДБ, ЗТ МДБ

және т.б.) жұмысы толық қалпына келтірілді. Сонымен қатар, екінші деңгейлі банктердегі және ХҚКО-ры мен арнайы ХҚКО-дағы мемлекеттік қызметтер қолжетімді болды.

«ҰАТ» АҚ қызметкерлері электрондық үкімет компоненттері мен

мемлекеттік деректер базасының жұмысқа қабілеттілігін қалпына келтіру бойынша барлық қажетті жұмыстар жүргізді. Қазіргі уақытта барлығы штаттық режимде жұмыс істейді. Ақаулықтарға байланысты алдағы бірнеше күнде пайдаланушылардың

үлкен ағыны күтілуде. Осыған орай түсіністікпен қарауларыңызды сұраймыз»,- деп атап өтті «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Басқарма төрағасы Ростислав Коняшкин.

Сонымен қатар, орын алған техникалық ақаулықтардың себептеріне талдау жүргізіліп жатқанын хабарлаймыз. Электрондық үкіметтің ақпараттық жүйелеріндегі кез келген ақау ақпараттық қауіпсіздік инциденті ретінде тіркелетінін атап өту керек.Кешенді талдау қорытындысы бойынша алдағы уақытта осындай жағдайлардың алдын алу шаралары қабылданатын болады.

Осыған дейін мемлекеттік органдардың серверлік орталығы инфрақұрылымының істен шығуына байланысты жеке мемлекеттік деректер базалары мен электрондық үкіметтің компоненттерінің қолжетімсіздігі байқалды. Осыған байланысты екінші деңгейлі банктердегі мемлекеттік қызметтержәне ХҚКО-ы мен арнайы ХҚКО-ы жұмыс істемеді.

«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Қоғаммен байланыс басқармасы

ЛИСТЕРИОЗ - ИНДЕТІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ПРОФИЛАКТИКАСЫ

Листериоз - індеті орталық жүйке жүйесі, жыныс мүшелері зақымданытын жұқпалы ауру. Көбіне үй жануарларында, құстарда кездеседі, өсіресе қой малы көбірек ауырады. Листериоздың ең қауіпті таратушылары және негізгі табиғи қорламасы - тышқан тектес кемірушілер. Олардың бөлінділерімен жайылым, жемшөп, су мен топырақ ластанып, одан барып басқа жануарларға жұғады. Ет, сүт өнімдерін пайдаланған уақытта ауырған малдан адамға жұғады. Адам ағзасында төменгі қысымдарда да ұзақ сақталады.

Белгілері - дене қызуы көтерілуі, іш өту, бас ауыруы, бұлшық еттердің қатайып қатты ауыруы, жүкті әйелдерде баланың жетілмей туылуы өбден мүмкін. Ауырған адамдарға антибиотик жақсы көмектеседі. Се-

рологиялық тексеру індеттік жағдайды толық айқындауға мүмкіндік береді. Малдарға, мал шаруашылығында жұмыс жасайтын адамдарға сақтық шаралары үшін- тірі, құрғақ өлсіздендірілген вакциналарын пайдаланады.

Листериоз - індетін болдырмау үшін, мал дәрігерлерімен бірлесе отырып, мал, құс фермаларындағы қора-қопсыларға дезинфекция жасаған дұрыс. Жем-шөптің, өсіресе, сүрлемнің сапасы үнемі бақыланып, кемірушілермен күрес жүргізеді. Бұл індет бойынша Ойыл өңірінде листериоз ауруына қатысты ешқандай мәліметтер тіркелмеген. Алайда, «Төні саудың жаны сау» - дегендей, сақтанып жүргеніміз абзал.

М.ҚАЛЖАНОВА,
Ойыл обаға қарсы күрес бөлімшесінің зертханашысы.



РАБОТА КОМПОНЕНТОВ ЭЛЕКТРОННОГО ПРАВИТЕЛЬСТВА, EGOV.KZ, МОБИЛЬНОГО ПРИЛОЖЕНИЯ EGOV MOBILE И ЦОНОВ ПОЛНОСТЬЮ ВОССТАНОВЛЕНЫ

АО «Национальные информационные технологии»полностью восстановили работоспособность компонентов электронного правительства, в том числе портала eGov.kz, портала Открытого правительства, мобильного приложения eGov mobile и основных государственных баз данных (ГБД ФЛ, ЮЛ и др.) Вместе с тем, доступно оказание услуг в ЦОНах, спец ЦОНах и госуслуг в банках второго уровня.

«Сотрудниками АО «НИТ» проведены все необходимые работы по восстановлению полной работоспособности компонентов электронного правительства и государственных баз данных. На данный момент все работает в штатном режиме. В связи со сбоем, ожидается большой наплыв пользователей в ближайшие несколько дней. Просим отнестись с пониманием к данной ситуации», - отметил Пред-

седатель Правления АО «Национальные информационные технологии» Ростислав Коняшкин.

Вместе с тем, сообщаем, что проводится анализ произошедших сбоев. Любые сбои в информационных системах электронного правительства фиксируются как инцидент информационной безопасности. По итогам всестороннего анализа будут предприняты меры для недопущения подобных ситуаций в будущем.

Ранее, вследствие сбоя на инфраструктуре серверного центра государственных органов, наблюдалась недоступность отдельных госуслуг государственных баз данных и компонентов электронного правительства. В связи с этим, также не работали ЦОНЫ, спецЦОНЫ и госуслуги в банках второго уровня.

Управление по связям с общественностью АО «НИТ»

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

ҚАЗАҚТЫҢ ЕР-ТҰРМАН ӘБЗЕЛДЕРІ

Адамның ел ішіндегі дәрежесін, жағдайын ер-тұрман айтып бере алады. Қазақ ұғымында ер-тұрман сөзінің мағынасы кең мазмұнды қамтиды. Оған ат мінуге қажетті жабдықтардың, айталық, ер-тоқым, кекім, жүген, ноқта, айыл-тұрман, құйысқан, өмілдірік, т.б. бөрі қамтылып жатады.

Ер-тоқым. Ер атқа ерттелетін ердің соқа басына қаратылған. Оның астына кепілдік ретінде қажетті іштік, ішпек, тоқым өз алдына белек-белек дайындалады. Іштік көінде жұмсақ иленген қарақұйрықты лағының терісінен немесе қойдың көктемігі жабағы жүнімен дайындалады. Ал ішпектер жұмсақ киізден дайындалады. Оның екі жақ шетін балбарқыт немесе ши барқытпен көмкеріп өңдеп, өсемдейді. Ер-тоқымды жасау – тек халық ішінен шыққан шеберлердің қолынан келетін іс. Іскерлік өнерге қарай шеберлердің біреулері – ердің соқа басын жасайтын болса, екіншілері – ағаштан ер қосып, былғарыдан, киізден тоқым тігіп, қолдан үзеңгі құйып, темірге күміс, алтын жалатып және сүйекпен нақыштап, асыл тастан көздер орнатып, ер-тоқымды түгелдей жасаған. Ер-тоқым жасау мен оны күнделікті өмірде пайдалану қазақ халқының өлеуметтік, қарым-қатынас жағдайымен тығыз байланысты.

Айыл – атқа ерді бекітуге керекті жабдық. Айыл қайыстан, былғарыдан екі қабатталып жасалады. Ұзындығы – 150-160 см, ені – 8 см. Айылдың бір ұшына металл тоға тігіледі. Айылдар төс айыл («тарпта айыл» деп те аталады) және шап айыл болып негізгі екі түрге бөлінеді. Шап айыл төс айылға қарағанда ұзындау болады. Шап айыл жалаң ердің үстінен, ал төс айыл аткөріңкеші үстінен тартылады.

Атдорба – матадан, кенептен, киізден тігілген, жай өрмекпен тоқылып, атқа жем беру үшін пайдаланылатын өзбел. Дорба аттың басына бау арқылы ілінеді. Бау айылдар арқылы ұзармалы-қысқармалы етіліп жасалады.

Аттарак. Ол темір симнан (кейде ағаштан жасалады. Аттың құйрығын, түгін тарайды. Тақтайшаға арасын жіп етіп тис жасайды. Сонымен бірге былғарыдан бау тағады. Соңғы кезде аттарак пластмассадан (сулыадан) істелетін болды.

Ауыздық – аттың басын қалаған жаққа бұруға, тежеуге арналған шығыршық темір. Жүгеннің ең басты бөлігі, жұмыр темірден отқа қақталп дайындалады. Екі жақтау бөліктері ауыздықты бір-бірімен кішкентай шығыршық арқылы жалғастырады. Ал қалған екі шетін жақтауды тесіп, сол тесіктен дөңгелек сулық, шығыршықтарын өткізеді. Жүген тізінінің ұштарын осы шығыршыққа жалғастырып тігеді. Ауыздық аттың езуін жыртып кетпеуі үшін оның сулыққа таяған жері жуантық болуы тиіс.

Ашамай. Қазақ шеберлері ұлға немесе қызға арнап, «ашамай» ұрпа жасаған. Ұл баланы үш-төрт жастан бастап атқа мінуге үйретудің айырықша маңызы болған. Ашамай ер аса күрделі болмаған. Ердің алдының қасы мен артқы қасы екі айыр, биік етіп жасалып, екі ұшында

тесігі болған. Баланы ерге отырғызғанда сол тесіктен таяқша өткізіп, ат үстіндегі баланы мықтап ұстатады. Аяғын үзеңгі қапқа кигізеді. Ашамайдың үзеңгі қабын «тепкішек» деп атаған.

Белдік – қайыстан, былғарыдан қайып тігілетін бау. Атты арбаға, шанаға жеккенде, ершікті бекітіп ұстататын тартпа бау.

Бұғалық – арқаннан жасалған арнайы құрал. Оны жылқыны, түйені, т.б. ұстау үшін қыл, кендір, қайыс арқаннан ұзындығын 12-15 құлаш етіп жасайды. Бұғалықтың бір ұшына күрмен кішкентай тұзақ жасайды. Екінші ұшын сол тұзақтан өткізеді де, одан жылқыны үлкен тұзақ жасайды, оны көбінесе құрыққа байлап қолданады.

Дөлбе – арбаға, не шанаға жегілетін көлікті бұрып отыруға арналған өзбел. Оны қайыстан немесе есілген қылдан жасайды. Дөлбенің ат сулығына байланар екі ұшында ағаш тиегі, кейде темірден жасалған бекітпесі болады. Ұзындығы – шамамен, 7-10 метр.

Доға – жылқыны арбаға, не шанаға жеккенде қамытты дөртеге жалғастыратын өзбел. Доғаны қайың, тал, үйеңкі емен сияқты мықты ағаштардан иіп жасайды. Ол үшін жұмыр ағаштың иілуге тиісті жерін шауып, жұқартып алып, морға салып жұмсартпады да, тез арқылы екі жақ басын иіп қалыңқа салып кептіреді. Доға кеуіп, қалпына түскеннен кейін иілген жерінен шығыршық орнатады. Доғаның дертемен жалғасатын төменгі екі ұшының сыртық бетін, орнықты болуы үшін, шауып ойық жасайды.

Ер жөне ер қосу – салт мініске арналған ер өзбелі. Өте сапалы, мықты ағаштан шабылады. Ер жасауға қайың, мойыл, үйеңкі ағаштары пайдаланылады. Ердің жасалуына қарай бірнеше түрі болады. «Қазақ ер», «күміс ер», «құранды ер», «ашамай ер», т.б. Қазақ ері бес бөлшектен тұрады: алдыңғы, артқы қас; екі қаптал және екі қастың ортасындағы белдік ағаш. Ердің алдыңғы қасы артқы қастан биік болады. Бет жағы ою-өрнектермен бедерленеді. Артқы қастың үсті жалпақтау, алқымы таяз болады. Ердің екі қапталының басы – биіктеу, ортасы — жатыңқы, аттың арқасына батпайтындай болуы тиіс. Осы бес бөлшегі өзірленген соң, алдыңғы қасқа екі қапталды желіммен қондырады. Осыдан кейін артқы қасты біріктіріп, бел-ағашты екі қастың аралығына салып, ағаш шегемен бекітеді. Екі қаптал ағаштарының ердің алдыңғы қасына жақын – орта шенінен таралғы өткізетін тесік қасайды. Қапталдың алдыңғы екі басынан өмілдірік өткізетін бүлдірге, артқы екі басынан құйысқанды жалғайтын және қанжығаға керекті тесіктер дайындайды. Осы тесіктер арқылы

Осы тесіктер арқылы күмістелген темір шығыршықтармен өдемі айылбастар орнатылады. Ердің бөлшектерін желімдеп болған соң, былғарымен қаптап, шеттерін күміс жалатқан шегелермен бастырып қағады. Күміс ердің алдыңғы, артқы қасы түгелдей күміспен қапталып, шегелермен кейде асыл тастармен әшекейленеді. Ал тартпа, таралғы,

өмілдірік, құйысқан түгелдей күміспен сәнделеді. Жасалу жағынан өте күрделі, берік және жайлы да өдемісі – құранды ер. Мұндай ер 18, кейде одан да көп ағаш бөлшектерінен құралады. Ердің желімі өбден кепкен соң түйенің көнімен көктеп, ердің кісі отыратын жерін түгелдей қалың былғарымен қаптап тігіп, үстің күміс өрнектермен, асыл тастармен сәндейді.

Ершік – жегу өзбелдерінің бірі. Ол арба, шанаға жегілетін көліктің арқасына салынатын көділгі ерден кішірек, бірақ ер тәрізді етіп жасалады. Қамыт көліктің (аттың) омырауын қағып, нығын баспау үшін де керек. Оның қос қапталының астына киіз жапсырылады да, сосын тоқым үстіне салынады. Одан кейін оның үстіндегі тесігінен өткізілген қайыс айылмен қос д?рте тиісті дәрежеде көтеріліп байланады. Кейде ершіктің орнына ер немесе ашамай да қолданылады.

Жабу – малды ыстық-суықтан, шыбын-шіркейден, маса-сонадан қорғау, не түіеге арқан жүкті жауын-шашынға тигізбеу, кейде сенді үшін түйе мен бөйге аттарына жабылатын жамылғы. Оны қазақ қыстың қатты болған жылдары арық-тұрық малды суықтан қорғап қалу үшін де пайдаланған. Жабудың қыстық және жаздық түрлері болады. Қыстық жабуды – киізден, ал жаздық жабуды – терме алашадан, кейде сенді матадан да тігеді. «Жабу астында жан қалады», «жабу астында жал қалады» деген сөздер жабудың малды жұдетпеуге пайдалы екендігін білдіреді.

Желдік – тоқым мен ер қапталының арасына салынатын, былғарымен қапталған екі белек киіз. Олар төмен сырғып түспеуі үшін екі жерінен тесіп, қайыс тағып байлайды. Ол аттың арқасына ердің оқпаны тиіп, батпауы үшін салынады.

Жүген және оның түрлері – жылқы және бұру, байлау үшін қолданылатын өзбел. Қазақ шебері көңіл бөлген. Оны былғары мен қайыстан, т.б. жасаған. Ол үшін қайысты тігіп, өріп, түйіп әшекейлеген. Жүгеннің қайыс, түйме, шытыралы, былғары, өрме жүген деген бірнеше түрі бар. Былғары жүгенді астына қайыс салып тігеді. Жүген кенсірік, жақ, мылық, желкелік, кекілдік, сағалдырық, ауыздық, сулық, тізгін, шылбыр сияқты бөлшектерден құралады.

Тізінінің – қайыстан, ал шылбырдың қылдан өрілгені абзал. Жүген аттың басынан сыпырылып кетпеуі үшін сағалдырықты аттың жағының астынан доға арқылы бекітеді. Былғары жүген күмістелген бүркеншіктермен әшекейленеді. Кенсірік пен кекілдік арасын өрмемен жалғастырып, айқасқан жеріне асыл тас орнатады.

Көпшік – ердің үстіне салынатын төсеніш. Оны көбінесе, тысымен немесе тыссыз жасайды. Көпшікті өдетте киізден, жүн тартқан матадан, жүнін арасына келтіріп, беттестірген қой терісінен, аң терілерінен, сондай-ақ ішіне жылқының қылын салып, былғары, жарғақ қасы таяқшалардан жасайды.

Кісен (темір тұсау) – жылқыны матау өзбелі. Шеберлер кісенді аттың

аяғына темірден келістіріп иіп, аяққа тиетін жеріне киіз салып, сыртын былғарымен қаптап, тігіп жасайды. Кісеннің аттың аяғына салатын жерінің темірі екі бөлшектен құралады, ашылу, жабылу жағдайы тоға арқылы орындалады. Аттың оң аяғына салынатын кісен бөлшегінің бірінде кішкентай шығыр болады. Сол шығырдан кісеннің шыңжырын еткізгенде бөлшек жабылады. Ал екінші аяғына салатын кісен бөлшектерінің екі ұшында да айқастырып жабылатын құлпы болады. Кісен тек кілтпен ашылып-жабылады.

Қамшы ер-тұрман өзбелдерінің құрамына кіреді. Оны кейде «ат жүргізгіш» деп те атайды. Өйткені қамшыны, негізінен, «көлікті» жүргізу үшін қолданады. Ал керек болған жағдайда оны қару ретінде де пайдаланады. «Қамшыдан үлкен қару жоқ, қолында жүріп білінбес» деген сөз соны меңзесе керек. Ондай қамшының сабы салмақты, өрімі жуан және ұзын болып келеді. Қамшының өріміне қарай өлше неше түрі болады. Қамшы бүлдірге, сап, алақан және өрімнен тұрады. Оның ержапысы ер заттан жеке-жеке даярланып біріктіріледі. Қамшының сабы тобылғыдан, ыргайдан, тауешкі және ақбөкеннің мүйізінен немесе еліктің сирағынан жасалады. Қолға ұстайтын жерін былғарымен қаптап, бүлдірге тағады. Кейде қамшының сабын тұтастай былғарымен қаптап, күміспен әшекейлейді. Күміс сапты қамшы көбінесе әйелдерге арналады. Ал ерлер қамшының сабына темірден бауыр салып, қайыстан немесе жезден орап сақиналайды. Мұндай қамшыны «сарылақа қамшы» деп атайды. Қамшының өрімі жақсы иленген қайыстан өріледі. Қамшы өрімін өртүрлі етіп жасау үшін таспа санын өзгертіп отырады.

Қамыт. Көлікті арбаға, шанаға жегу үшін пайдаланылады. Оның ат қамыт, түйе қамыт, өгіз қамыт сияқты арналған төліне қарай нешеме түрлері бар. Қамыттың имек ағаштан жасалған қос құлағы болады. Олардың жоғарғы ұштарын қайыспен біріктіріп байлайды. Мұны «желкебау» деп атайды. Құлақ ағаштарының астына «шужық» орнатылады. Қамыттың құлақтарына ілмектелген жалпақ қайыс өткізіледі. Оны «құлақбау» дейді.

Құлақбау дөрте мен доғаның бастарын бір-біріне қосады. Ал қамыттың төменгі бастарын қосатын жіңішке қайыс «тамақбау» деп аталады.

Оны қатты тартып байлағанда доға бастары дөртеге мықты болып бекиді. Қамыттың сыртын – былғарымен, ал ішкі жағын – қалың киізбен қаптайды. Қанжыға – салт атқа бөктерген затты байлайтын жіңішке қайыс таспа. Ердің қапталының артқы алақанындағы тесікке өткізіліп бекітіледі. Ұзындығы – 25-30 см. Қанжығаға бұғалық, арқан, шідер, тұсау, торсық, қоржын, атып алған аң, құс, т.б. осында байланады. «Қанжыға майлы болсын» деген сөз осыған қаратылып айтылған.

Құйысқан – ер аттың мойнына кетпеуі үшін былғарыдан қайыспен астарлап қайып жаласатын өзбел. Кейде ердің артқы қапталына

байланатын екі ұшын өрген өрмелі, түймелі құйысқандар да кездеседі. Құйысқанды күміспен өрнектеп өсемдейді. Былғарыдан шашақ жасап, қымбат тастар қадайды. Құйысқанның ортасына былғары қайыстан дөңгелек тігіледі. Осы дөңгелектің алдыңғы шеті ердің артқы қапталындағы шығыршыққа байланады. Ал аттың құйрығының астына келетін артқы бөлігі ұзын тұтас қайыстан жасалып, ортасынан екіге ілініп, осы иілген жерін таспалап тіледі.

Мұрындық – түйенің, өгіздің екі танауы арасындағы мұрын шеміршегің тесіп, көлденең өткізіп қоятын жіңішке таяқша. Оны қатты ағаштан көбінесе тобылғыдан жасайды. Ағаштың орнына қайыс немесе жіп өткізіп қоятындар да бар. Мұрындыққа бұйда байлап, сол арқылы оңға, солға бұрады немесе жетектейді. Өмілдірік – ердің артқа кетпеуін қамтамасыз ететін өзбел. Сонымен бірге сәндік үшін де тағылатындықтан, оны қалың былғарыдан жасап, әшекейлейді.

Өмілдірік былғарыдан, қайыстан астарланып қайып тігіліп, өріп жасалады. Өмілдіріктің аттың кеудесінің алдына келетін ортасына былғарыдан, қайыспен астарлап, дөңгелек жасалып, шашақталған баулар салынып, күмістелген бұршіктер, нақышталған өрнектермен әшекейленіп, дөңгелек ортасына ақ тастар орнатылады.

Өре – аттың алдыңғы және артқы аяғына салатын тұсау. Өрені қылдан, қайыстан өріп, түйіп жасайды. Аттың аяғына тиетін жеріне киізден астар салады. Атты өрелегенде өренің бір ұшын аттың – оң аяғына, ал екінші ұшын айқастырып аттың артқы сол аяғына салады. Өрелер шадыр өре, тік өре болып негізгі екі түрге бөлінеді. Өрелі ат тұсамыс салған атқа қарағанда еркінрек өрекет жасайды.

Таға. Жылқының тасырқамауы немесе мұздан таймауы үшін тұяғына қағылады. Тағаны сом темірден иіп, қаптап шеге өтетін тесік пен сай салып жасайды. Бедерлі өкшелік шығарады. Тағаны аттың тұрасына тигізбей, тұяғына ғана кіріп тұратындай етіп арнайы шегемен қағады.

Төбінгі – ер-тұрманның құрамына жататын өзбелдердің бірі. Төбінгі, бір жағынан, өсемдік үшін тағылса, екіншіден тоқым қысқа болған жағдайда, аяқкиімді аттың терінен қорғайды («...төбіңгі терге шірмей») деген тіркестің орайы келіп-ақ, тұрғаны). Ал тоқым ұзын болған жағдайда оны тозып кетуден сақтайды. Қазіргі кезде төбінгіні жеке жасамайды. Киіз тоқымдарға жапсырылып, тігіледі. Халық арасында мұндай төбінгіні «тоқымның төбінгісі» деп те атайды. Ол адамның жіліншік, тобығының тұсына келеді.

Тепкішек. Жас баланы атқа мінізгенде қолданылатын ер-тоқым өзбелдерінің бір түрі. Қазақ халқында 5-6 жастағы баланы алғаш атқа мінізгенде аяғы үзеңгіге жетпейтін болғандықтан, оған арнайы тігіліп, ою-өрнекпен өсемделген төбінгі – тепкішек дайындалады. Тепкішекті түрлі-түсті жүн жіппен термелеп тоқылған өрнекті басқурдан немесе шұғадан, т.б. қалың матадан астарлап қоржын сияқты етіп тігеді

де, бетін кестелейді. Оны ердің үстіне салып пыстанмен бекітеді. Бала тепкішектің екі басына екі аяғын салып отырады. Терлік тоқымның астына салу үшін қойдың жабағы жүнінен жасалады. Шеттерін былғары, болмаса матамен көмкереді. Терлік өз атына сай тер сіңіру үшін және аттың арқасына ердің қапталы батпау үшін қажет. Терлікті кей жерде «ішкілік» деп те атайды.

Тоқым – ердің аттың арқасына батпауы үшін салынатын төсеніштің бір түрі. Ол көбіне киізден сырылып жасалады. Кейде киіз тоқымның жиегін шұға немесе барқыт сияқты маталардың бірімен көмкеріп, сыртын түгелдей қалың былғарымен қаптайды. Сырма тоқым мен көмкерме тоқымды көбінесе әйелдер жасайды да, ал былғары тоқымды шебер еркектер жасайды. Тоқымның көлемі де, пішілу үлгісі де өртүрлі болады. Әйелдерге арналған тоқымдар – үлкен, әшекей көп, ал еркектердің тоқымдары ыңғайлы, шағын болады.

Тұсамыс – жылқы ұзап жайылып кетпеу үшін пайдаланылатын өзбел. Аттың алдыңғы екі аяғына салынады. Оны жіп, қайыс немесе былғарыдан жасайды. Тұсамыстың тиек орнатылған алақаны және балақбауы болады. Атты тұсағанда балақбаудың ат шашасы жағында болуы шарт. Тұсамыс болмаған жағдайда жылқыны жіппен де тұсай береді. Үзеңгі – атқа міну үшін қажет «баспалдақ». Зергерлер оны қолдан құятын болған. Темірден қақтап та жасаған. Үзеңгінің екі қабырғасының жоғарғы жағында таралғы өткізетін тесік болады. Оған үзеңгібау тағылып, ердің қапталындағы тесіктен өткізеді. Ал аяқкиімнің табаны тұратын жері тұтас сопақша болып келеді. Бұрын өршілер үзеңгіні кепеген қайыңнан иіп немесе ойып та жасаған. Мұндай үзеңгілер атқа жеңіл болады және ол қыста аяқты қарымайды.

Шідер – жылқыны матау өзбелдерінің бірі. Оны қайыстан, кейде шыңжырдаң жасайды. Шідер үш балақ (тұсамыс және өре) болып келеді. Ол жылқының алдыңғы екі аяғы мен артқы бірі терісегіне салынады. Ер балақта Ер-бірден алақан, тиек және балақбаулар болады. Қыл шідердің тұсауын, өресін және балақбауларын жылқы қылынан жеке-жеке дайындап алып құрастырады. Ал қайыс шідерді сиыр терісінен иленген қалың қайыстан екі қабаттап жасайды. Қос қабатталған қайыс таспамен тігіледі. Мұндай шідердің тұсауы мен өрелігі шығыршық арқылы жалғасады. Өрме шідердің үш балағы бөлек өріліп, біріктіріледі. Оның балақбаулары қос қабат жіңішке қайыстардан, таспалардан жұмырланатын өріледі. Шіліма – қамытты аттың мойнынан кетірмеу үшін қолданылатын өзбел. Шіліманы қайыстан тігіп, түйіп, өріп істейді. Шеберлер күміспен, жезбен қадақтап өсемдейді, өр жеріне қайыстан шашақ тағады. Кетерме – атты арбаға, шанаға жеккенде ағаш жетегін көтеретін бау. Бұл бау ершіктің үстіне салынады.

ҚИЯЛДА АҚҚАН ӨЗЕН



Мидай жазық даланың төсінде жыланша ирелендеп кесіліп жатқан тас жолмен зымырап келеміз. Басына бүлт қонақтап, дамыл тапқан Алатау көз ұшында бұлдырайды. Қаладан таң қылаң бере аттанып едік, күн тау басынан арқан бойы көтеріліп келеді. Көлік тізгініне жабысып, бір қалыпты тербелген ырғағынан жалыққандаймын. Қасымда отырған Ерлік үнсіз, сол баяғы томаға-тұйық қалпында терезеден сыртқа телміріп, ой үстінде келе жатыр. Мүйізгектеніп, күс сіңіп қатып қалған қолымен бетін күннен қорғағаны болмаса, қимылсыз. Жасына жетпей әжім басып, солғын тартып бозарған жүзі оны қатарынан едәуір үлкен көрсетеді. Арадағы ұзаққа созылған үнсіздікті бұзып тіл қаттым:

— Ереке, не ойлап келесің?
Ерлік сөзімді аңдамағандай далаға телміріп біраз отырды да, тіл қатты: — Ештеңе ойлап келе жатқан жоқ, — Өңгіме айтсаңшы, жол қысқарсын.

Ол бетіме жалт қарады да, көзін тайдырып өкетті.

Алыстан қаңқылдаған қаздың үні еміс-еміс естілгендей болды. Көліктің терезесінен көк аспанға көз жүгірттім. Ерлік те айналасын шолға қарап келеді.

— Өне, қаздар қайтып барады, — деді Ерлік саусағымен тау жақты нұсқап. Алыста, зау биікте қатар-қатар сап түзген қаздар ұшып барады екен. — Көлге таып қалған болдық қой, — дедім қаздардан көз алмай қарап отырған Ерлікке.

— Иә, екі-үш шақырымнан кейін оң жақ беттен көрінеді.

Екеуміз де үнсіз қалдық. — Далансы сағынған шығарсың?
— Кейде ойлайсың ғой...

Ерлік сөздіргісі келмесе де, күрсінсін жасыра алмады.

— Өне, анау үйлерді көрдің бе, сол үйдің қасындағы сайда көл бар. Алдымыздан жолдан едәуір қиыс шағын ауылдың сұлбасы байқалады. Таң ақалы жолсоқты болып, шаршап келе жатқам, жетер нысанға өудем жер қалғанын көріп сергіп сала бердім де, көліктің шабысын үдете түстім. Ауылдың тұсына жеткенде үлкен жолдан жарыла оңға қарай бөлініп, сұрлеуге айнала бастаған топырақ жолға түсіп, ауылға қарай беттеді. Сұрқы қаша бастаған үйлерге қарай ойлы-шұңқырлы жолда көлікпен бірге теңселіп келеміз.

— Ауылда адамдар тұра ма?
— Тұрады, — деді Ерлік бір нәрсені іздегендей айналасын шолға қарап.

Ауылда тырп еткен тірі жан байқалмайды. Өрісте жайылып жүрген малдың да қарасы көрінбейді. Жол бізді тура ауылдың ортасын қақ жаярып, ойдым-ойдым болып мүжіліп біткен асфальт көшеге екіліп қосты. Жолдың екі жағына белініп қонған он шақты түттің ғана бар ауылдың арт жағынан келгендіктен байқамаппыз, көбінің есік-терезесі жоқ, кейбір үйдің төбесі жұпталып құлаған ескі тамдар екен. Көлікті баулатылғ, үйлердің терезесінен ішке көз тастадық; қабыраға ілінген кілемдер, сөредегі ыдыс-аяқ, жиналған көрпе-тасек, еденге төселген төкемет-сырмақтар, ілулі тұрған киім-кешекке дейін шаң басып, тозаң қонып, сол қалпы тұр. Үйлердің айналасы құстың саңғырығы мен қауырсынына толытып. Мұндағы тұрғындар үйінен ие-жібін де алмай, барлық мүкәммалын қалдырып бір жаққа кетіп қалған ба дерсің. Ауылдың шетіне шығып, жапырағы сарғаа бастаған, адам құлашы жетпейтін үлкен бөйтеректің қасына келіп тоқтағанда, сайдың тағанынан орын те-

уіп, айналасын қамыс басқан үлкен көл жарқырап көрінді. Көл бетінде қаз-үйректер дамылсыз ұшып-қонып, көл бетін дыр-думанға бөлеп жатыр. Көлікті тоқтатып, көлге көз салып үнсіз отырып қалдым. Ерлік те тіл қатпай, қалшып қатып қалған. Сырлы ауылдың жұмбаққа толы бейнесі ойымның астаң-кестенің шығарды.

— Сонда ауылдағылар қайда кеткен? — дедім Ерлікке, ауылдың сырын сол білетіндей.

— Көшкен болса, дүние-мүліктерін алып кетуі керек еді ғой, — деп ол да сұрағына жауап таппай өуре.

— Қорқынышты ауыл ғой мынау. Қалаға қайтамыз-ау.

— Сонша алыстан келгенде бір құс атпай кетсек болмас, — деді Ерлік бетіме қарап.

— Бір түрлі сөскеніп тұрғаным. Ерлік не істеріні білмеген адамша төмен қарап отырып қалды. Көл бетінде жүзіп жүрген, ұшып-қонып жатқан бейғам құстарға үнсіз телмірдім.

Бір кезде арт жақтан тарс еткен дыбыс естіліп, екеуміз де селк етіп, шошына жалт қарадық. Көліктің артында бет-аузын сақал басқан, жұпыны киінген егде жастағы адам қолындағы таяғымен көлікті ұрғылап, бізге тесіле қарап тұр. Басында шошып кетсек те, артынан есімізді жинап, көліктен түстік.

— Амансыз ба, аға? — деп қолымды ала жүгірдім. Ерлік те таяп келіп аمانдық сұрады.

Ол сөлемімізді алмастан, бетімізге кезек-кезек қарап:

— Не іздеп жүрген жансыңдар? — деді

— Көлге құс атуға келіп едік.

— Не, жеуге тамақ таппай қалдыңдар ма?

Не айтарымызды білмей абдырап қалдық. Шал бізді тексере қарап өтті де, қайта тіл қатты.

— Бұл құстарды атуға болмайды!

— Алыстан арнайы келіп едік.

— Алыстан келсеңдер де рұқсат ете алмаймын.

— Неге? — деді бағанадан үнсіз тұрған Ерлік сөзге араласып.

— Себебі, бұл құстар — менің ауылдастарым, туысқандарым болады, сол үшін рұқсат ете алмаймын.

Шалдың жынды адамша сөйлеп тұрғанына шыдай алмай күліп жібердім.

— Иә, мені жынданған шал деп тұрған шығарсың, күле беріңдер, — деді шал ойымды оқып тұрғандай.

— Ағасы, жоқ дегенде бір-екі құс атуға рұқсат беріңіз, — дедім жалыншты бейне танытып.

Шал ауыр күрсінді де: — Мен тірі тұрғанда құстың қауырсынына да тігізбеймін, — деп оқты көздерімен бетіме тесіле қарады.

Шалдың қиқар мінезді екені жалт-жүлт етіп қараған көзінен байқалады. Оның өліспейтін беріспейтінін аңдап тұрмын. Сонша алыстан шаршап жеткен жолдың азабын ойлап күрсіндім де, не істейміз деген адамша Ерлікке қарадым. Ол иығын қиқаң еткізіп, тіл қатпады.

— Жарайды, ағасы, құстарыңызды атпай-ақ қоялық. Бірақ мына ауылыңыздың адамдары қайда кеткен?

— Бәрі құсқа айналып кетті, жүр ғой, өне, көл бетінде ұлап-шулап, — деп иегімен көл жақты нұсқады.

Жынданған біреу шығар деп ойладым. О заманда бұ заман адам құсқа айналушы ма еді?..

— Мені жынды деп тұрсың, білем, бірақ шындық солай, шырағым.

— Күллі ауылдастарыңыз құсқа айналғанда сіз қалай аман қалғанысыз? — деп кекетіп сұрақ тастадым.

— Мен осыларды сендер секілді құс

атқыштардан қорғау үшін құсқа айнамай қалдым, — деп бетіме қарады.

Шалдың тұлғасына көз жүгіртіп өттім, есі ауысқан адам шығар десем, сөзі орнықты, кесіп сөйлейді. Жұпыны киінгенімен, киімдері мұнтаздай еді.

— Ағасы, мұнысызға сене алмаймын, адам құсқа айналуы мүмкін емес қой, — деп күле тіл қаттым.

— Құсқа айналам десе, айналады. Бірақ сендерді сендіру маған шарт емес, келген жолдарыңа түсіндер, — деді де таяғын беліне көлденең қыстырып, көлге қарай аяндады.

— Сен айтқандарына сенесің бе? — дедім шалдың артынан қарап тұрған Ерлікке қарап.

— Сенемін, — деп шорт кескен Ерлік. — Қалай құсқа айналғанын сұрасақ қайтеді? — деді.

— Ойдан шығарған ертегісін тыңдап отырамыз ба, қайтайық одан да.

— Жоқ, бұл кісі өтірік айтатын адамға ұқсамайды. Барып тілдесейікші.

Шалды ұнатпай тұрсам да, Ерліктің көңілін қимадым. Екеуміз едәуір ұзап кеткен оның артынан қуып жеткенде шал бізге үрке қарап, орнында тұрып қалды.

— Сендер неге келе жатсыңдар? — деді қатпанып.

— Сіздің өңгімеңізді естісек деп келдік.

Ерлік дауысын жұмсарта сөйледі. — Айтатын өңгіме жоқ, қайтыңдар! Шал жүріп кетті. Не істерімізді білмей, артынан қарап тұрып қалдық.

— Қайтайық болды, көнбейді мына шал, — дедім Ерлікке.

— Тағы бір өтініп көрелікші.

— Барсаң өзін бар, мен бармаймын.

Ол алыстап бара жатқан шалдың артынан жүгіріп барды да, тоқтатты. Ерлік шалға бірдеңелер айтып сөйлеп жатты. Екеуі ұзақ сөйлесті. Бір кезде Ерлік маған жүр дегендей қолын бұлғады да, шалдың артынан еріп, көлге қарай аяндады. Жынды шалдың сандырағын естіп отырайын деген сұмпайы ойдың жетегінде кетіп:

— Сен өзін барып кел, мен сені көлікте күтетмін, — деп Ерлікке айқай салдым да, кері қайттым. Орта жолда артыма қарағанымыда екеуі қамыстың арасына кіріп бара жатты, сонда барып көлдің арғы шетіндегі қамыстың арасындағы лашыққа көзім түсті.

Көлікке отырып жатып, көл жаққа көз тастағанымыда екеуі лашыққа кіріп барады екен. Айнадағы жарқыраған көлдің бетіне мағынасыз телміріп ұзақ отырдым. Ерліктің шалдың өтірігіне сеніп артынан кеткеніне ашудым келіп, сыбап алдым. Қаншама жылдан бері өр кездескен сайын Ерлік маған осы ауыл туралы, ондағы тамаша табиғат жайлы тамсана баяндап беріп жүрді. Оның көшпенді өмірге деген ала бетен махаббатынан туған таусылып бітпейтін ұзақ өңгімелерінен кейін ауылдың, қамысты көлдің бейнесі санама көшіп, көкейімде жатталып қалған еді.

Ерліктің көлуін күтіп отырып ұйықтап кетіпін, көлік есігінің ашылған дыбысынан оянып кеттім. Ерлік қайтып келіпті. Көңілі ашылып, жадырап алған. Терезеден аспапқа көз тастадым, күн дәл төбеге келіпті.

— Көлікті сен жүргізіші, — дедім Ерлікке. Екеуміз алмасып отырдық. Ерлік көлікті оталдырдырып қойды да, бейне қимасымен қоштасып тұрған жандай көл жаққа телміріп ұзақ қарады. Мен де лашық тарапқа көз жүгіртіп шалды іздеп едім көрінбейді.

— Қайтайық онда.

Ерлік жауап қатпастан көлге телміріп бір сөт тұрды да, көлікті қозғалтты. Қираған үйлердің арасын

кесіп өтіп, тас жолға шықтық та қалаға қарай бет түзедік. Ерлік екі көзін жолдан алмай ой үстінде отыр. Көлге келе жатқан кездегі тұңжыраған бейнесінен із де қалмаған. Жүзі жадыраңқы.

— Не айтты сонда? — дедім Ерлікке. — Көл нәрсе айтты.

— Айтсаңшы, жол қысқарсын.

— Сен бірге баруың керек еді. Өңгімеге шорқақ екенімді білесің ғой. Бірақ саған тыңдатармын деп өңгімесін телефоныма жазып алдым, —деп телефонын ақтарыстыра бастады.

— Бірақ өңгімесін толық жаза алмадым, — деп қосып қойды да, телефонын қолыма ұстатты.

Шалдың тамағын қырнап қойып сөйлеп жатқан байсалды, қоңыр даусы естіледі.

Сондай бір заман келмеске кетті ғой, шырағым. Сол жылы Сөрсеннің айтқанына көнбеген әйелі ұлын ертіп, қалаға жұмыс істеуге аттанып кетті. Ол тура елден береке кетіп, күн көру қиындай бастаған шақ еді. Ауылдан ең алғаш болып қалаға аттанған осы екеуі болатын. Қатын-баласы қалаға кеткен Сөрсен бір үйде соқа басы сопайып жалғыз қалды. Айға жуық мезгіл өтсе де әйелі мен баласынан хабар болмады. Бір жамандықтың болғанын сезген Сөрсен ақсақалдарды үйіне шақырып кеңес құрды. Ол кезде біз баламыз, қызық көріп үй сыртынан тың тындаймыз. Ақсақалдар кеңесе келе Сөрсеннің қасына Жалғас деген жігітті қосып, сол күні қалаға суыт аттанып кетті. Екеуі үш кеткеннен мол кетіп, аспаған тауы, көшпеген өзені қалмай үш ай дегенде ауылға өрең оралды. Сұрамаған адамы, қақпаған есіп жоқ. Үш ай бойы қаланы тілтіп, сузып шығып, айналасындағы ауылдарға да барып сұрау салыпты. Көрдім, білдім деген пенде кездеспепті. Қаладан қайтып оралған Сөрсен үйінен аттап шықпай, бүк түсіп жатып қалды. Басын көтеріп тысқа шықпады. Адам баласымен араласудан қалды. Бір күні ақсақалдар кеңесіп, Жаманкөз аталып кеткен атақты көзбе бақсыны алдырды. Ымырт үйірілген шақта ауылға жеткен Жаманкөз бақсы далаға отты маздатып жақтырып қойып, оттың қасына отырып, қобызын азынатып таң атқанша түсініксіз тілде жырлады. Ауылдың елі тайлы-тұғына дейін қалмай таң атқанша отты айнала, бақсыны қоршап отырдық. Таң қылаң беріп келе жатқан алакеуім қақта бақсы қобызын тоқтатып, Сөрсенге қарап: «Отбасың бар. Олар аман. Осы өлемде жасап жатыр екен. Бірақ адам кейпінде емес, құсқа айналып кеткен. Құс болғанда да қоңыр қазға айналып кетіпті. Елін-жұртын сағынса, бір күндері мына қара көлге келіп қонар. Өзіңді таныр, күт!» — деді де орнынан шалт тұрып, аттанып кетті.

Бақсы кетіспен Сөрсен көлге қарай жүгірді. Жерге жарық түсіп қалған шақ еді, оның жығылып-сүрініп көлге қарай жанталасып жүгіріп бара жатқан сөті көз алдымда қалып кетіпті, ауыл адамдары қыр басында оның соңынан қарап тұрған едік. Ол көл жағасына барып, айналасына қарап сілейіп аз тұрды да, көлді жағалап жүгіре жөнелді. Таңғы тыныштықта Сөрсеннен үркіп ұшқан құстардың қанатының сусылы құлағымның түбінде өлі жаңғырып тұр. Ол күні бойы көлді жағалап, айналсоқтап жүріп алды. Қыр басына жиналған ең де таң атқаннан қас қарайғанша оның әр қадамын бағып, ұйқылары келгенде үйді үйіне тарады. Ерtesi де сол өрекет қайталанды. Уақыт өте келе Сөрсеннің жағдайы да үйренішкіті дүниеге айналып, ешкім де назар салмайтын болды. Ол сол беті ауылдың қарасын көрмей, көл жағасындағы қамыстың арасын паналап, жұмбақ адамы айналады. Ел арасына Сөрсен жынданып кетті деген өңгіме тарай бастады. Біз де көлге барады ойлаудан қалған едік. Оны алыста көрсек не шалғынның арысына тығыла қалатынбыз, не ауылға қарай қашушы едік. Солай уақыт өтіп жатты. Сөрсен көл жағасынан осы лашықты салып, көктем келген сайын құстарды қарсы алып, күзде қайтқан құсты шығарып салып, сол құстардың арасынан жары мен баласын іздеп жүріп біраз жыл тұрып қалды. Менін де жігіт болып қалған кезім, көктем келіп, құстар орала бастаған шақ болатын. Бір күні түн ортадан ауаған шақта қасымда жолдасымды ертіп, Сөрсеннің лашығы көрінетін тұстан қамыстың арасына жасырынып жаттық. Бізге оның жұмбақ өмірі қызық еді. Түңгі қараңғылық ішінде көлде ұшып-қонған құстардың дауыс естіледі. Лашықтың өлсіз жарығы анадайдан жылтырайды. Сөрсен ұйқытамалты. Біреуді күткен адамша қайта-қайта лашығынан кіріп-шығып жүрді. Бір кезде «Жамал, Едіге!» — деп айқайлаған дауыс көлдің маңын жаңғыртып жіберді. Қалғып кетіптіз, дауыстан шошып оянддық. Таң атып келеді екен. Сөрсен көлге қарап айқайлап тұр. Дауысында діріл бар, жылап тұрған секілді. Көлге қарап мойынын созып «Жамал, Едіге, қайдасыңдар, ал-

тындарым, келсеңдерші, мені зырықтырмай, сағындым ғой» — деп өкіре жылап, жерге тізерлеп отырып қалды. Сөрсен басын көтермей ұзақ отырды, өксіп жылап жатқаны бізге естіліп тұрды. Осы бір аянышты сәт біздің де көзімізге жас үйірді. Бір кезде аспаннан қаңқылдаған қаздың дауысы естілді. Үшеуіміз де аспанға қарадық. Лашықтың төбесін айналып екі қоңыр қаз ұшып жүр еді. Сөрсен орнынан атып тұрды да, көкке телмірген қалпы екі қолын жайып тұрып қалды. Төбеде айнала ұшып жүрген қоңыр қаздар баяу қалықтап бірте-бірте төмендей түсіп, есік алдына келіп қонып, балпандай басып Сөрсеннің қасына қол созымдай жақындап келіп, оны айналып біраз жүрді де, «қаңқ-қаңқ» етіп дауыстап, қанаттарын жайып жіберіп, қайтадан көкке көтеріліп, лашықтың төбесін үш рет айналып ұшты да, көлдің ортасына барып қонды. Есі шығып кеткен Сөрсен қаздардан көзін алмай бір сәт тұрды да, қуаңғанынан: «Я, Төңір, бар екенсің ғой!» деп көкке қарап отыра кетіп, шалт қимылдап тұрды да, лашығына кіріп кетті. Біз де болған жайға сенер-сенбесімізді білмей ауылға қайтып, үлкендерге көзбен көргенімізді баяндап бердік. Үлкендер жағы «ақыры келген екен ғой, көп күтті ғой бейшара» — деп Сөрсенге жаны ашып, бір жағынан сүйініп жатты. Сол оқиғадан кейін Сөрсеннің қарасы көрінбей кетті. Араға екі күн салып, түске салым ауылдағы ақсақалдарға еріп Сөрсеннің жағдайын білмекке лашығына жақындап келе жаттық. Біз лашыққа таяғанда есіктен үш қоңыр қаз үрке шығып, көкке көтеріліп кетті. Тосырқап қалып, сәл кідірдік те, ішке ендік. Лашық іші бос. Үй жабдықтары бәрі орнында. Бұрыштағы кереуеттің үстінде Сөрсеннің ұзақ жыл үстінде тастамай киген киімдері (оның бұдан басқа киімі де жоқ еді), бас киімі жатыр. Ақсақалдар бір-біріне қарады да, үнсіз түсініскен адамдардай, тіл қатыспастан қайта сыртқа шығып, көл жаққа көз тастап тұрып қалысты.

— Сонда құсқа айналуға болатын болғаны ма? — деген Ерліктің дауысы естілді.

— Құсқа айналмаса, мына бір ауыл қайда кетті дейсің, айналайын.

Шал ауыр күрсінді.

— Құсқа айналу үшін не істеу керек? — деді Ерлік құмрарта.

— Оның сырын айта алмаймын. Оны айтсам болмайды.

Телефондағы жазба тоқтағандай болды, Ерлік дереу телефонын қолымынан жұлып алды да, қалтасына сүңгітіп жіберді. Оның шалт қимылын сезікпен:

— Жалғасын тыңдасаңшы, — дедім бетіне қарап.

— Телефонға толық жазылмай қалыпты.

Ол менен бір нәрсені жасырып тұрғандай, жүзіне күмәнмен көз тастадым. Ерлік баяғы сабырлы қалпын бұзбай, сенбей тұрсын ба дегендей көзіме тіке қарады.

— Құсқа қалай айналуға болатыны туралы айтпады ма сонымен?

— Жоқ, айтқызса алмадым.

— Сен осының бөріне сенесің бе сонда?

— Иә, сенемін.

Үнсіз қалдық. Ерліктің оқу оқымағаны, қалаға оқу іздеп келіп, қанша тырыбынса да оқуға түсе алмағаны, білімнен құр алақан жан екенін есіме алдым. Бірақ шалдың өңгімесі мені де қызықтыра түскендей.

— Күллі ауылдың тұрғындарынан құсқа айналу тарихы бар болғаны ма?

— Иә, үлкендер қалай құсқа айналуға болатынын білген, бірақ жастардан жасырып келген екен. Осы оқиғадан кейін ауылда жиналыс болып, ешкімге тіс жармауға уәде алып, өмірден қажып, кедейліктен азып-тоза бастаған ауыл тұрғындарына құсқа айналудың сыры айтылыпты. Кейбір отбасылар сол күні-ақ балашағасымен құсқа айналып ұшып кетті дейді ақсақал. Құсқа айналуы қаламаған отбасылар да болыпты, олар бұл сырды тірі пендеге айтпауға ант ішіп, аш қалмау үшін қалаға қоныс аударып кетіпті.

Ерлік менің көкейімдегі сұрақты оқып тұрғандай сөзін ары жалғап өкетті.

— Адам қатты қасірет тартып, азап шеккенде ғана құсқа айнала алады және белгілі бір дұғаларды айтуы керек. Бірақ дұғаны маған айтпады.

Айтсам, сен сыр сақтай алмайсың, сосын қасірет шеккен адамдардың бәрі құсқа айналады. Мен табиғат заңын бұзған боламын деді.

— Сәбилері қалай құсқа айналған? Ерлік не айтарын білмеген адамша абдырап қалды.

— Ол туралы сұрамаппын ғой. Мүмкін жетімдер үйіне өткізіп кеткен шығар.

— Шалдың өңгімесінің бас жағын айтсаңшы. Сонда бері неден басталған? — деп қоймап едім, Ерлік бір нәрсені есіне түсіргендей үнсіз қалды да, тіл қатты:

— Қалған өңгімені бір кездескенде айтайын.

Менің құтқуырлап сұрап қоймаға-

нымды жақтырмай отырғанын байқап, үнсіз келістім.

Біз қалаға таяғанда ымырт үйіріліп, түн қоиланып келе жатты. Алдымызда қала шамдарды самаладай жарқырайды. Екеуміз де ұзақ жолдан қалжырағандаймыз. Ерліктің осы өңгімелерінен кейін ойым он саққа кетіп, қиял үстінде келе жатырмын. Ішімде шын, жалған деген ой бір-бірімен арпалысып келеді. Ерлікке ұрлана қарап қоям. Оның көңілі тоқ, көз жанары жайнап тұрғандай. Ол менен бір нәрсе жасырып келе жатыр. Қала шетіне ілінгенде сол маңдағы ескі қабат үйлердің біріндегі Ерліктің жатағына келіп тоқтады. Көліктен түсіп, бой жазып біраз тұрдық.

— Ал, мен кеттім, хабарласамыз ғой, — деп көлікке отырдым.

— Көрсенше, — деп қолын көтері

САРБИЕ – БЕРЕКЕ-БІРЛІГІ ЖАРАСҚАН АУЫЛ!

АУДАН ОРТАЛЫҒЫНАН ШАЛҒАЙ ОРНАЛАСҚАН АУЫЛ ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ ТҮРМЫСЫ ЖАЙЛЫ, ТІРШІЛІГІ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫМЕН ТЫҒЫЗ БАЙЛАНЫСҚАН ҚАЗАҚЫ ҚАЙМАҒЫ БҰЗЫЛМАҒАН ҚҰТТЫ МЕКЕН. КЕҢЕС КЕЗІНДЕ ТӨРТ ТҮЛІГІ ТӨСІНДЕ ӨРІП, АЛҚАБЫНАН АЛТЫН ДӘН ӨНГЕН АУЫЛДЫҢ ТЫНЫС-ТІРШІЛІГІ ТОҚЫРАУ ЖЫЛДАРЫ БІРАЗ САЯБЫРЛАП ҚАЛҒАНЫН ҮЛКЕНДЕРДЕН ЕСТІП ӨСКЕН ЕДІК. СОЛ БІР КЕЗЕҢДЕРДЕ ЖҮДЕУ КҮЙ КЕШКЕН САРБИЕНІҢ ЖАҚЫНҒЫ ЖЫЛДАРДАН БЕРІ БЕРЕКЕСІ АРТЫП, ТУҒАН ЖЕРДІҢ ТІРЛІГІ ЖАДЫРАЙ ТҮСКЕНДЕЙ. ҚАЗІРГІ ТАҢДА БҰЛ АУЫЛДА БИЛІКТІҢ ТІЗГІНІН ДӘУРЕН ҚАРЖАУБАЙҰЛЫ ҰСТАП ОТЫР. ЕЛ-ЖҰРТЫН ЕҢБЕКПЕН ДАМУДЫҢ ДАҢҒЫЛ ЖОЛЫНА БАСТАҒАН ӘКІМНІҢ ШАЛҒАЙ АУЫЛДА ЖАСАП ОТЫРҒАН ШАРУАЛАРЫ ШЫРАЙЛЫ. ЕЛДІҢ СЕНІМІН АРҚАЛАҒАН АУЫЛ ӘКІМІНІҢ ХАЛҚЫНА ҚЫЗМЕТ ЕТУ ҚАРҚЫНЫ ҚҰАНТАДЫ. ҚАРАМАҒЫНДАҒЫ КАДРЛАРЫНЫҢ ДА ДЕНІ ЖАСТАР. «ЖАС КЕЛСЕ ІСКЕ», - ДЕГЕНДЕЙ ЖЕКЕ ШАРУАСЫН ЫСЫРЫП ҚОЙЫП, ТҮРҒЫНДАРДЫҢ ҰСЫНЫС-ТЛЕГІН ТЫҢДАП, ЖАСАЛҒАН ІСТЕН НАҚТЫ НӘТИЖЕ ШЫҒАРЫП КЕЛЕДІ.



«Өсер елдің керегесі кең болар», - демекші ауылдың өлеуметтік өлеуетін таныстырмаққа жол бастаған округ әкімі Дәурен Бисебаев шалғайдағы ауылдың қанаты кеңге жайылып, өлеуметтік нысандармен халыққа қызмет ету орталықтары қарқынды іске қосылып жатқандығын тілге тиек етті. Осы бағытта жасалынып жатқан жұмыстарды толығырақ тарқатсақ, бытыр ауылдың төрт көшесіне асфальт жамылғылары төселді. Соның нәтижесінде болар ауылдың болашағына нық сеніммен көз жүгірткен тұрғындар үйлерінің қоршауларын заманауи үлгіде жаңартып, құрылыс жұмыстарына ден қоя бастады. Ауыл әкімінің

ауқымды жобаларды жүзеге асырып жатқаны ауыл тұрғындарына серпін беріп, өлеуметтік нысандар көзегімен бой көтеруде. Ағымдағы жылы бір азық-түлік дүкені, дөңгелек жөндеу (шиномонтаж) және балалар жылына байланысты жергілікті бюджет есебінен 6 миллион теңгеге балалар ойын алаңы іске қосылған. Соныдай-ақ Сарбие-Дайра бағытындағы 16 километр көтерме жолды жөндеу, асфальттау жұмыстары «Тайбурыл» ЖШС-і арқылы жүзеге асырылуда. Нақтырақ айтсақ, дөңгелек жөндеу қызметін іске қосып отырған Қазбек Әлібекұлы ауылдастарының алғысын алып жүр. Бұл қызмет түрі өсіресе көлігі бар жандарға көп қуаныш сыйлады.



Себебі мұндай дөңгелек жөндеу қызметі ауданға қарасты округтердің ішінде алғаш рет Сарбие де ғана ашылды. Сонымен қатар «Рақым», «Атамекен» шаруа қожалық төрағалары малшыларға арнап екі тұрғын үй салуда. Сондай-ақ, округті аралаған сапарымызда ауылдың кіре берісінде газ құю бекетін салу үшін құрылыс жұмыстары басталып жатқандығын байқадық. Газ құю бекетін Асылхан Бюрин деген азамат жеке қаражат есебінен салуда. Сәтін салса бірер жылда іске қосуды көздеп отыр. Себебі шалғай ауылдағы тұрғындар үшін кейде аудан орталығына барып, көліктеріне газ жасап келу үшін тиімсіз. Өрі бензин секілді оны қажетті құтыларға құйып өкелу мүмкін емес болғандықтан осы бір игі істі қолға алып отыр екен.

Біз округ әкімімен арнайы тілдесу барысында ол: «Елу жылда ел жаңа...», - деген сөз бар қазақта. Осы аталы сөзді басшылыққа ала отырып еліміздің өркендеуі жолында қалтқысыз қызмет етіп келеміз. Шалғайдағы ауылдарға мемлекет тарапынан қолдау, қамқорлық көрсетіліп жатқаны бәріне аян. Сондықтан мұндай мүмкіндікті пайдаланып, ауылдарды ажарландырып, болашағын жарқын ету біздің ел алдындағы басты міндетіміз. Алдағы күндердің жарқын белестеріне жету үшін біріміз бірге жұмылуымыз керек.», - дейді іскер әкім.

Сарбиеде төрт түлігін түлетіп, мал басын мыңғыртып ұстап отырған шаруалардың қатары көбейіп келеді. Ауыл шаруашылығы саласында мемлекет тарапынан берілетін гранттар мен субсидияларды алып отырған шаруашылықтар жетерлік. Солардың қатарында «Әлнарар» шаруа қожалығы да бар. Шаруа қожалық үкімет беріп отырған грант арқылы шаруашылық жеріне электр желісін тартып жатыр. Репортаж барысында аталған шаруа қожалықтың ша-

P.S. ОСЫЛАЙША АТАЛҒАН ОКРУГТІ АРАЛАҒАН САПАРЫМЫЗДА САРБИЕЛІКТЕРДІҢ БІРЛЕСІП, ТІЛ ТАБЫСА ІСТЕГЕН ТҮШІМДІ ТІРЛІКТЕРІНЕ КҮӘ БОЛДЫҚ. ЕНДЕШЕ ОКРУГ ӘКІМІМЕН БІРГЕ АУЫЗБІРЛІГІ БІР АУЫЛДАСТАРДЫҢ АЛДАҒЫ ИГІ ІСТЕРІНЕ АҚ ЖОЛ ТІЛЕЙМІЗ. БІЗ САРБИЕ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ТҮРМЫС-ТІРШІЛІГІ ЖАЙЫНДА ОСЫДАН БІРЕР ЖЫЛ БҰРЫН ЖАЗҒАН ЕДІК. БҰЛ ЖОЛЫ САРБИЕНІҢ АҒЫМДАҒЫ ЖЫЛЫ АТҚАРЫЛЫП ЖАТҚАН, ҚАРАСАҢ ҚӨҢІЛ ТОЛТЫРАР МАРДЫМДЫ ЖҰМЫСТАРЫ ЖӨНІНДЕ ҚАЛАМ ТЕРБЕП ОТЫРМЫЗ.



Мақалалар топтамасы Сарбие селолық округі әкімдігімен бірлесіп отырып дайындалды.

2022 түтіні бар Сарбие ауылдық округінде, Қаракөл елді мекенін қосқанда 1229 тұрғын тұрмыс кешуде. Мұндағы тұрғындар негізінен мал шаруашылығымен айналысады. Мемлекеттік бағдарламалардың қолдау-көмектерін тиімді пайдаланып, ауыл шаруашылық техникаларын алуда, жеңілдетілген несиелер арқылы асыл тұқымды мал басын көбейтуде белсенділік жоғары. Шаруаға бейім жұртшылық шаруасын дөңгелетуге ұмтылып келеді. Соның нәтижесінде мал басы артып отыр. Қазір округте 29 шаруа қожалық, 27 жеке кәсіпкер бар. Мүйізді ірі қара 6263 басты құраса, қой-ешкі 15574-ке жеткен. Ал, қамбар атаның төлі 3 мыңнан асады. Аталған ауылдық округте 2 денсаулық сақтау, 2 білім беру, 1 ауылдық клуб, 1 учаскелік полиция жұмыс жасайды. Сондай-ақ, 1 наубайхана,



Мирас Мұратқалиев Сарбиеде учаскелік полиция инспекторы қызметін атқарады. 2012-2016 жылдары Құдайберген Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің құқықтану мамандығы бойынша тәмамдаған. Оқуын бітіре салысымен тырнақалды еңбек жолын Сарбиеден бастаған оның қызмет етіп жатқанына биыл төрт жыл болыпты. Жанұялы болсада шалғайдағы ауылға барып, қоғам тыныштығын күзетіп келеді. Өзіне артылған мол жауапкершілікті кіршіксіз атқаруды қызметі ғана емес, азаматтық парызы санайды. Мирасты қазір сарбиеліктер жақсы таниды. Оның айтуынша соңғы жылдарда мал ұрлығы, қоғамдық орындарда құқық бұзушылықтар орын алмаған. Жаста болса халықпен тығыз қызмет етіп жатқан аға лейтенант заң аясында өзіне жүктелген міндетті адал атқарып жүр.

1 шаштараз, 1 дәрйхана, 5 дүкен бар. Ауылдың іші мұнтаздай тап-таза. Көшелері толықтай жарықтандырылып, жаю жүргіншілер жолақтары, жолда жүру белгілері қойылған. Өр көшеде тұрмыстық қалдықтарды салуға арналған арнайы қоқыс жәшіктері (урналар) қойылған. Тұрғындардың көңіл-күйлері көтеріңкі. Ауылдағы еңбек адамдары таң атысымен қызу шаруаларына кіріседі. Әкіміне дән риза ауыл тұрғындары туған жердің көркеюі үшін жұмыла жұмыс істеуге өзін. Екі бағытта мал күтімі ұйымдастырылған. Сондай-ақ көше бойларында тарихи тұлғалар бейнеленген тақтайшалар кешілік мезгілде жарқырап тұр. Бұл ел үшін қызмет қылған еңбек адамдарына деген шексіз құрмет екенін аңғартады.



Сарбиеде білімге құштар, өнерге жақын, өлеңге құмар жастар жетерлік. Туған жерден түлеп ұшып, өнер керуенінде алдыңғы легтен көрініп жүрген жастарымыз қаншама?! Солардың бірі, өнердегі аға-апаларының ізіне еріп, ұлы ақындардың шығармашылықтарына еліктеп өсіп келе жатқан кейінгі буынның ішінде Сапақкөл орта мектебінің 8 сынып оқушысы Әсел Тоғызбаеваның қадамы қуантады. Көркем сөз, мәнерлеп оқудың қас шебері. «Едіге батыр» жырын жатқа біледі. Аудандық, облыстық байқаулардың талай мәрте жеңімпазы атанып жүр. Балауса кезінен бастап жырға жақын өскен қарындасымыз өнер көшінде ауданының намысын қорғап жетістіктерге жеткені үшін Ойыл ауданының «Жыл адамы-2021» атанды. Әселдің ендігі арманы журналист болсам дейді.

БИЫЛ САРБИЕ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА 50 ЖЫЛ ТОЛДЫ. ЖАРТЫ ҒАСЫРҒА ТАЯУ УАҚЫТ АРАЛЫҒЫНДАҒЫ АУЫЛДЫҢ ДАМУ КӨРСЕТКІШІН ӨТКЕН ДӘУІРМЕН САЛЫСТЫРУҒА КЕЛМЕЙДІ. ӨЙТКЕНІ ЖАҢАУРМЕН ЖАҢҒЫРУДЫҢ КӨШІНЕ ІЛЕСКЕН АУЫЛДЫҢ КЕЛБЕТІ ЖЫЛ САНАП КӨРКЕЙІП КЕЛЕДІ. БІР АДАМНЫҢ ҒҰМЫРЫНДАЙ УАҚЫТ ІШІНДЕ АУЫЛ САН-МӨРТЕ ТҮЛЕДІ. ӨРІСІ МАЛҒА, ЕЛ ІШІ ЖАНҒА ТОЛДЫ. ЖҰЫРДА ҒАНА САРБИЕНІҢ 50 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙІТІН АУЫЛ ЖАСТАРЫНЫҢ ДЕМЕУШІЛІГІМЕН 35 ЖАСТАН ЖОҒАРЫ АЗАМАТТАР АРАСЫНДАҒЫ ШАҒЫН ФУТБОЛДАН АУДАНДЫҚ ТУРНИРМЕН ҰШТАСТЫ. 5 КОМАНДА ҚАТЫСҚАН ТУРНИР АУЫЛДЫҢ АТЫН ҰЛЫҚТАП, МӨРТЕБЕСІН АСҚАҚТА ТА ТҮСКЕНДЕЙ ӨСЕРДЕ ҚАЛДЫРДЫ.



Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ, Ойыл-Сарбие-Ойыл.



Қаратал ауылының тұрғыны
Избасов Адилбек Жансерікұлын 12 тамызда
31 жасқа толуымен шын жүректен құттықтаймыз!

Деніңе саулық, отбасыңа
бірлік-береке, талағай табыс,
қызметте өрлей беруіңді
тілейміз! Бақытың бүтін,
әумірің берекелі болсын!

Игі тілекпен: Ата-анасы, бауырлары, жары және қызы Фариза.

ЖАЗЫЛМАЙТЫН ТАҚЫРЫПТЫҢ ЖАНАЗАБЫ

Әнуар ма, Әнуар!
Сексенге толып отыр. Жоқ, тірі болса сексенге толар еді. Ол жақын-да ғана дүниеден өтті. Алайда, жалынды жастықтың алауында бірге өткізген күндер мұны мойындатқысы келмейді. Ал, дәлірегі, мәселе мұнда ма екен?! Маған, мойынға пионер галстугын таққаннан бастап, қыл қаламның дарабоздары қатарын-да оның сурет өнері әлеміне ентіпей енгеніне дейінгі күндеріне күгөгер адамға, өмірге құштар, кәсібіне адал, еңбекке құл сол адамның тұлғасы сағымға сіңіп жоқ болуы мүмкін бе? Жоқ, мүмкін емес. Себебі, әділет алдында күнекер болмайын, соңғы он бес, жиырма жыл бойында ертүрлі себептермен арамсыз суып, қатынасымыз тылса да, сол бір мағыналы күндердің – риясыз, пек, арманшыл шақтың оты, сіре сөне қоймас!

Бәрі есімде.
Патша заманында салынып, кеңес дәуірінде пролетариат көсемінің әйелі Н.Крупская есімі берілген қызыл мектептен түлеп ұшқан, артына кейінгі ұрпақ еске алатындай еңегелі із қалдырған Әнуардың бекзат болмысы сол балалық балауса күндердің өзінде алыстан шақырған сәулелдей жалт етіп еді. Өкеден ерте айрылған, ана қанатының астында ғана тәрбиеленген жарым көңіл балаға емес, еңгелі атаулыға құштар жанға төн сергек сезімнен уақытын есептеп пайдалануға бейім Әнуарға, сол кезде де Қырымдағы аты дүркіреп тұрған Артек пионер лагеріне арамыздан алғашқы болып жолдама берілуінің өзі көп нәрсеге мәнзесе керек. Сөзім эмоция шылауында кетпесін, бір мысал келтірейін. Бірде сол қызыл мектептің кіре берісіндегі екінші бөлменің, талай қызықты күндерімізді өткізген бөлмеіміздің қара тақтасында бәрімізгі белгісіз және сол белгісіздігімен өзіне тартып тұратын қызық таңбалар балада болды. “Оқы, оқы” дейді Әнуар. Үңілеміз кеп, үңілеміз. Түсініксіз жазбалар, аң-таң боп Әнуардың өзіне қараймыз. “Лев Кассильді оқып па едің” дейді. Лев Кассиль орыстың белгілі балалар жазушысы, кітапты көп оқытын арманшыл кезіміз ғой, Левтің бала психологиясын мөлдіретіп көз алдында келтіретін көркем суреттерін санамызға сіңіп қалған, өкінішке орай ол кезде “Он алты жасар чемпион”, “Менің атым Кожя” сияқты классикалық төл туындыларымыздың дүниеге келмеген кезі, орыстың Левін пір тұтамыз-тақтадағы жаңағы түсініксіз таңбалар Әнуардың күн сәулесін айнаға шағылыстырып, бөлмедегі қызға белгі беретін немесе ұшына шағын тас байланып тартылған жіп арқылы қыздың терезесін қағатын Лев кейіпкерлеріне еліктеп, ойлап тапқан өзіндік “ізденісі”, өзіміздің кәдімгі өріптерімізді айнаға шағылыстырып, кері қайтарғандағы бейнелері екен. Әнуардың бейнелеу өнеріне құштарлығы сол кезде-ақ оянған болар деп ойлаймын.

Жалпы, сүйсінуге болады, тынымсыз ізденісі, еңбекқорлығы өз алдына, таңдаған тақырыбы өзінің ішкі табиғи болмысымен астасып жататын. Зер салып көріңіз, кейін жарық көрген дүниелері “Менің қалам”, “Қазақтың ұлттық салт-дәстүрлері”, “Қазақтар”, “Мұхаммед пайғамбардың хадистері”, “Қазақтың ұлылары” деп аталады. Атауының өзі ұлықтауға ұйықтыра жөнелетін, адамның рухани ішкі мәдениетіне сергектік, бойына тосын күш, қуат құятын мәлім де беймәлім сезім ұялатады. Өйткені ол өмірге құштар еді, дәлірегі еңгелі істерге жан-төнімен ұмтылушы еді. Көп оқыды, көп ізденді. Бүкіл қабырғаны бойлап, сіресіп тұратын кітаптары сырттай көз тартатын жөдігерлер ғана емес-ті. Адамның рухани дүниесін байыта алатын сол көп салалы кітаптарын талай сарыла ақтарғаны-

на, сондағы құндылықтар жайлы сырласуға жалықпайтын мінезіне күгөгермін. Содан да, ие содан, Әнуарды осы қасиеті оны өрге сүйреді, еңбегі жанды, тиісті бағасын алды. Суреттері еліміздің және әлемнің жиырмадан астам елінің көрмелеріне қойылды. Италияның, Польшаның, Украинаның белгілі көркемөнер мұражайлары шығармаларын насихаттады. Ойылдық суретшінің есімі шет ел басылымдарында аталды. Оқырмандарым мақтан үшін айтылған дей қоймас, Әнуар Жұмағалиұлы Өтеген-тана Ойыл өңірінде бейнелеу өнеріне кәсіби тұрғыдан жол салған алғашқы тұлға. Өйткені, біз білетін деректер бойынша осы салада жоғарыда көрсетілген биікке көтерілген жанды таппайсыз.

xxx
Өмір өткініш, өтті, кетті. Бірақ, ұмытпайтын сөттер, жақсысы да, өтпеген-айы да, санада, бәрібір, сайрап тұр. Қалай ұмытасың?! Бәріміз де пендеміз, жаңсақ басқан сөттеріміз аз ба?! Бірде былай болды. Префранс деген “пеле” бар. Оны жек көрмейтінімін. Со жолы префранс ойынының қызып кеткені сонша, кеш болып, таң атқанын да байқамай қалыппын. Бозамық тарта үйге келсем, жолдасым Зәуреді өң жоқ, алғашқы балаға аяғы ауыр еді, үйде жалғыз, әбден зәресі ұшып, телефон соқпаған жері қалмаған, ауруханаларға да, тіпті мәйітханаға да ... ақыры таң ата екі-үш көшедей жерде тұратын досым Әнуардың үйінің есігін қағып, болған жайды хабарлапты. Өрине, ақталым-ақ келеді, бірақ қарта, арақ дегенге жаны қас досым бұлтартпайды, оның үстіне аяғы ауыр келіңшегіміңнің жан азабы да маған аз соққы емес. Не керек, досым ұзақ уақыт менімен мүлдем сөйлеспей қойды. Достан айрылудың қиындығын шын достан айрылғандар ғана біледі, шеберханаға қайта-қайта іздеп барамын, тіл табысқым келеді, бірақ ол жолатпайды. Содан мен де, амал жоқ, айлаға көштім. Әйелім Зәуреммен, Әнуардың әйелі Данамен ақылдасып “шағын операция” ұйымдастырдық. “Сенің кесіріңнен, әйелімізнен ажырасатын болдым” дедім, кәдімгідей ашуланып. Мыңқ етпейді, “обалың жоқ” деп қарап тұр. Содан, Данаға: “Дана, шеберханаға сен бар, маған сенбейді, аналар шынында да ажыраспақшы, біздің үйде де ертіп өкел” дедім. Әйелінің “боп-боз” түрін көріп, Өнекең шынында да шошына бастапты. Жедел жетті. Біресе төрде бүртиш теріс қарап жатқан маған, біресе күлдіген шыдай алмай, терезе пердесінің артына тығылған Зәуреге жүгіріп, күлдіген шыдай алмай оның көзінен жас шығып кеткенін көргенде әбден састы. “Ой, Зәуреш, бір тұн қара ойлап қалған-да не тұр, өзі де кемшілігін мойындады ғой, Зәурешке, Зәурешке” деп зыр-зыр етеді. “Дана, дастарханыңды тездетсейші, не мылығып кеттің” деп әйелін де қуырып барады. Шыдамның да шегі жетіп, күлкі бөлменің ішін керіп кеткенде, досым түкке түсінбей, ортада состиып тұрды да қалды. “Операцияны” орыстың әзіл күнін пайдаланып ұйымдастырған едік, “Бауырым, бүгін бірінші апрель” дегенімен кейін барып, “мына екеуіне дау жоқ, не болса соны ермек етеді, саған не болды” деп ашуланғансып, әйелін құшағына тартты. Осы оқиға кейін, “Бауырым, бүгін бірінші апрель” деген әзіл өңгіме жазуыма ұласып, ол мерзімдік басылымдарда жарияланған еді.

Өзіңді сынауға болар, өміріңді сынамай алмайсың, тағдыр жазуы өз дегенін таймайды. Бірнеше жылдан кейін Әнуар досымды еске алғанда, өмірдің өте күрделі екеніне тағы бір кезімді жеткізгендей болдым.

СЫРЫМ БАҚТЫГЕРЕЙҰЛЫ.

Ойыл аудандық мәдениет саласы қызметкерлерінің бастауыш кәсіподақ ұйымы аудандық мәдениет үйінің әдіскері Бисенғалиева Жаңылдыққа інісінің мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғырып, көңіл айтады.
Ойыл аудандық мәдениет саласы қызметкерлерінің бастауыш кәсіподақ ұйымы Ақкемер ауылдық кітапханасының кітапханашысы Жолшарова Ләззатқа інісінің мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғырып, көңіл айтады.
Ойыл аудандық мәдениет саласы қызметкерлерінің бастауыш кәсіподақ ұйымы Қарасу ауылдық кітапханасының кітапханашысы Ізбасарова Тілекгүлге әкесінің мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғырып, көңіл айтады.
Ойыл аудандық мәдениет саласы қызметкерлерінің бастауыш кәсіподақ ұйымы мәдениет саласының ардагері Абдрахманов Жауынбайға қызы Айжанның мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғырып, көңіл айтады.